

ӘОЖ 327.7

Г. Ергешқызы
 Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
 халықаралық қатынастар факультеті, Қазақстан, Алматы қ.
 E-mail: gulnaz_moldir@mail.ru

Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) «әскери-саяси өлшемі»

Мақала Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) Алматыда 2004 жылғы 22 қазанда өткен мүше елдердің Сыртқы істер министрлерінің екінші кездесуде Кеңес аясында сенім шараларын жүзеге асыру принциптерін бекіткен АӨСШК Сенім шаралары тізімдемесі (Каталог) қабылдаған әскери-саяси өлшеміне арналған. Бұл жас ұйымның шеңберінде: 2004 жылдың 22 қазанында қабылданған Сенім шаралары тізімдемесіне (Каталог), АӨСШК Төртінші Сыртқы істер министрлері кездесуі қорытындысы бойынша қабылданған Декларациясына, АӨСШК Үшінші министрлік кездесудің Қорытындысы және «АӨСШК: Азиядағы қауіпсіздік архитектурасын құру идеясын жүзеге асыру» атты ғылыми-тәжірибелік конференциясының Есебі сынды құжаттарға сараптама жасалынды. АӨСШК мүше-мемлекеттердің қауіпсіздік саласы мен әскери-саяси өлшемдегі әрі қарай дамуындағы ынтымақтастығын айта келе, автор келешекте әскери-саяси өлшем Сенім шаралар тізімдемесінің маңызды бағыттарының біріне айналуы үшін тәжірибелік жұмыстар атқаруы тиіс деген қорытындыға келді.

Түйін сөздер: АӨСШК, әскери-саяси өлшем, АӨСШК сенім шаралары тізімдемесі, мүше-мемлекеттер, Сыртқы істер министрлер кездесуі, ұжымдық шара, қауіп-қатерлер.

G. Yergeshkyzy

Political-military dimension of conference on interaction and confidence building measures in Asia

This article discusses political-military dimension of Conference on Interaction and Confidence Building Measures in Asia (CICA). Focusing on the main instrument of the CICA- CICA Catalogue, which was adopted at the second meeting of Foreign Ministers of CICA October 22, 2004 in Almaty, the author reveals the essence of this dimension. Under this young organization considered such documents as: Catalogue of Confidence on October 22, 2004, the Declaration of the Fourth Meeting of Ministers of Foreign Affairs of Conference on Interaction and Confidence Building Measures in Asia, Conclusions of the Third Meeting of Ministers of Foreign Affairs of CICA and the Report on the scientific and practical conference «CICA: from the idea to the construction of the security architecture in Asia.» The author analyzes these meetings, and describes perspective of these meetings. Talking about the cooperation of the CICA Member States in the field of security and further development of the military-political dimension, the authors concluded that, for this purpose it is advisable to begin the practical work that will eventually become one of the most important areas of the Catalogue of Confidence Building Measures.

Keywords: CICA, politico-military dimension, Confidence Building Measures Catalogue, CICA member states, meeting of Ministers of Foreign Affairs, collective measures, threats and challenges.

Г. Ергешқызы

Военно-политическое измерение СВМДА

В данной статье рассматривается военно-политическое измерение Совещаний по взаимодействию и мерам доверия в Азии (далее-СВМДА). Автор, раскрывая суть этого измерения, делает акцент на главный инструмент СВМДА Каталог мер доверия СВМДА, который был принят на второй встрече СМВД СВМДА 22 октября 2004 года в Алматы. В рамках этой молодой организации были рассмотрены такие документы, как Каталог мер доверия от 22 октября 2004 года, Декларация четвертой встречи Министров иностранных дел Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии, Заключение Третьей встречи министров иностранных дел СВМДА и Отчет о научно-практической конференции «СВМДА: от идеи к построению архитектуры безопасности в Азии». Особое внимание уделяется встречам на высшем и на министерском уровне. Автор анализирует эти встречи и описывает данную проблематику в рамках этих встреч и заседаний. Говоря о сотрудничестве стран-участниц СВМДА в сфере безопасности и дальнейшего развития военно-политического измерения, автор делает выводы что, для этого целесообразно начать практическую работу, которая в перспективе должна стать одним из важнейших направлений Каталога мер доверия.

Ключевые слова: СВМДА, военно-политическое измерение, Каталог мер доверия, СВМДА, страны-участницы, встреча Министров иностранных дел, коллективные меры, вызовы и угрозы.

«Әскери-саяси өлшем» Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) Алматыда 2004 жылғы 22 қазанда өткен мүше елдердің Сыртқы істер министрлерінің екінші кездесуі де Кеңес аясында сенім шараларын жүзеге асыру принциптерін бекіткен АӨСШК Сенім шаралары тізімдемесі (Каталог) қабылданған бірінші кезектегі өлшем болып табылады.

Тарихқа шолу жасайтын болсақ, Кеңесті құру жайында бастаманы 1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының XVII сессиясында көтерген Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев еді [2]. Бұл бастама Қазақстанның аймақтық бейбітшілік пен қауіпсіздікке жәрдемдесуге деген ұмтылысы мен саяси ерік-жігерін толық мәнде танытты. Сол жиырма жыл ішінде Қазақстан тарабының зор ынталандырушы рөлі және қатысушы барлық елдердің бірлескен күш-жігерінің арқасында АӨСШК Азиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық мәселелерін талқылаудың бірегей де пайдалы форумына біртіндеп айнала бастады.

Дегенмен АӨСШК құру бастамасын көтермес бұрын көптеген талқылаулар мен дискуссиялар жүргізілді. Ол орынды да, өйткені мүше елдер арасындағы түсініспеушілік, сонымен қатар қару-жарақты таратпау мен оны залалсыздандыру, ішкі істерге араласпау, лаңкестік, сеператизм, экстремизм және есірткі тасымалы сияқты мәселелер алдыңғы орында еді. Әрине, бұл мәселелерді шешу оңайға соқпайтыны, ортақ көпжақты тетіктерді дамытуды қажет етті. Осыған қарамастан мүше елдер бұл мәселелердің шешімдері АӨСШК тетіктері арқылы жүзеге асырылады деп сенген еді. Дей келе, алғашқы күндерден-ақ бұл бастама азияттық мемлекеттердің қолдауына ие болды [3].

АӨСШК әу бастан-ақ Азия мемлекеттерінің өкілдері аймақтағы қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың кез келген өзекті мәселелерін көтеріп, гуманитарлық, әлеуметтік, сонымен қатар әскери-саяси және де басқа да салаларда ынтымақтасып, талқылай алатын форум түрінде ойластырылған болатын. Кеңесті шақыраудың идеологиялық негізі мынаған саяды: аймақтың жетекші мемлекеттерінің ұзақ мерзімді даму стратегиясы бүгінде ғаламдық және аймақтық сипаттағы сынақтарға үн қатудағы олардың күш-жігерін біріктіруді талап ету.

Кеңес сенім шараларының өрісі әдеттегі

концепциялардың шеңберінен кең. Азиякеңеске мүше елдер жетекшілері ХХІ ғасырдың өзара байланысты әрі өзара тәуелді заманында әлеуметтік-экономикалық өлшемдердегі сенім шараларының маңызының әскери-саяси өлшемдегіден ешбір кем еместігін түсінді. Сондықтан АӨСШК Сенім шаралары тізімдемесі бес өлшемді, яғни бес саланы қамтиды: (I) әскери-саяси; (II) жаңа сындар мен қатерлерге қарсы тұру; (III) экономика; (IV) экология және (V) гуманитарлық мәселелер.

Әдетте сенім шаралары ретінде мемлекеттердің өзара қауіп-қатер мен сенімсіздікті азайтуға, оның ішінде соғыс қаупін азайтуға бағытталған шаралары деген түсінік қалыптасқан. Сенім шаралары тұжырымдамасының өзі “қырғи-қабақ соғыс” кезінде кездейсоқ апат немесе қателер нәтижесінде ядролық соғыстың тууын болдырмауды көздеген талпыныстардан пайда болған. Нақты айтсақ, осыған дейін сенім шараларын мемлекеттер арасындағы шиеленісті бәсеңдету үшін әскери-саяси саладағы ынтымақтастық ретінде қарастырып келген болатын [4].

2004 ж. Сенім Каталогында әскери-саяси өлшемге арналып, яғни: «мүше-мемлекеттер өздерінің қауіпсіздік саласындағы заңды мүдделерін ескере отырып, әскери-саяси өлшемдегі өзара сенімділікті нығайта келе, ұзақмерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етуде-ақпараттармен алмасу, әскери оқуларға бақылаушы мүше-мемлекеттерді шақыру...» деген бірнеше баптар қарастырылған болатын [1]. Бірақ әскери-саяси өлшем бойынша нақты шаралар атқарылған жоқ еді.

2007 ж. АӨСШК басты міндеттерінің орындауда маңызды қадамдардың бірі-сенім шараларын жүзеге асыру. «АӨСШК сенім шаралары тізімдемесі» негізінде мамыр айында Бангкокте қабылданған «АӨСШК сенім шараларын жүзеге асыру үшін Ұжымдық шара» атты құжат дайындалды [5]. Сол кезде Аға лауазымды Комитетінің отырысы Тайланд делегация мүшелерінің ұсынысы бойынша Қазақстаннан тысқары өткізілді.

Құжатты талқылау барысында «әрбір мүше мемлекет немесе мүше мемлекеттер тобы өз еріктерімен, өз араларында келісім бойынша, Сенім шаралары аясында ақпараттармен алмасу және бұл ақпаратты АӨСШК Хатшылығына жіберу» жөнінде келісілді [5]. Осы жетістік белгілі бір дәрежеде басқа тапсырмалармен қатар, сенім шараларын іске асыру механизмін

түзуге де жауапты Хатшылық құрылғаннан кейін барып мүмкін болғанын айтып өткен жөн.

Алайда «Ұжымдық шарада» әскери-саяси өлшем жөнінде бір ауыз сөз айтылмаған. Алматы актісінде бұл бағыт бойынша ықпалдасуға бірнеше маңызды баптар арналған. Бангкокте Азия елдерінің кейбіреулері, басқа өлшемдердің жүзеге асыру үдерісін бақылау мақсатында, әскери-саяси бағытында сенім шараларын жүзеге асыруды белгісіз уақытқа кейін қалдыруды ұйғарды. Сол кезде кейбір мемлекеттердің қатаң да, компромиссіз саясаты арқасында әскери-саяси өлшемге көшу кейінге қалдырылды [6].

Дегенмен Тайландтағы кездесуден кейін, Қазақстан Республикасын төраға ретінде қоса алғанда, кейбір мүше-мемлекеттер әскери-саяси салада ынтымақтасу – АӨСШК басым бағыттарының бірі және де бұл бағыт АӨСШК Алматы актісінде және Сенім Каталогында орын тапқан. Осы кезден бастап, 2008 жылы 25 тамызда Алматыда өткен Үшінші министрлік кездесудің қорытындысы бойынша және Декларацияда Сыртқы істер министрлерімен әскери-саяси мәселелер талқылау бастамасы маңызды деп танылды [7].

Осы кездесуге Әзірбайжан, Ауғанстан, Египет, Израиль, Үндістан, Иран, Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Моңғолия, Пәкістан, Палестина, Ресей, Тәжікстан, Тайланд, Түркия және Өзбекстан елдерінің Сыртқы істер ведомство өкілдері қатысты. Өз сөзінде Қазақстан Республикасының Басшысы Н.Ә. Назарбаев: «Ұжымдық дипломатияның барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, бар күш-жігерді лаңкестік, ұйымдасқан діни экстремизм, есірткі саудасы мен заңсыз көші-қон мәселесіне бағыттауымыз тиіс. Әрине, бұл үшін әскери-саяси салада ынтымақтасуды дамыту және нығайтуда тәжірибелік шаралар атқару жөн, ал ол өз кезегінде болашақта Сенім шаралар тізімдемесінің маңызды бағыттарына айналу қажет», – деп мәлімдеген болатын [8].

Айта кететін бір жайт, Төраға тұрақты түрде мүдделі мемлекеттермен кеңесіп отырды. Бұл өлшемді бастау үшін ерекше қадамдар қажет екені айдан анық еді. Ең алдымен, кейбір мемлекеттердің түсініспеушілігінен арылу керек болды. Консенсусқа қол жеткізу үшін оқшаулану мәселелерден бастауды ұсыну керек еді.

Министрлердің қолдауынан соң Төраға «Төрағаның көзқарасы» деген жұмысшы

атпен құжат ұсынды [8]. Бұл құжат 2009 жылы маусымда Алматыда өткен Арнайы жұмысшы тобының мәжілісінде талқыланған болатын. Өкінішке орай, бұл жоба құжаттары бойынша мемлекеттер консенсусқа келе алмады, өйткені кейбір мемлекеттер өкілдері үшін жоба «бірнеше кеудемсоқтық мақсаттарды» көксеген болатын. Сондықтан да бұл жоба 2009 жылы қазанда Пекин қаласында өтетін Арнайы жұмысшы топтың отырысында талқыланып, қайтадан жаңартылады деп шешілді.

Пекиндегі отырыста Төраға жаңа жобаны ұсынған болатын. Ол әскери-саяси саладағы әрі қарайғы келіссөздерге негіз болатынына сенді [9]. Таиланд, АСЕАН және ААФ (АСЕАН Аймақтық Форумы) сол кездегі Төрағасы ретінде ААФ әскери және саяси саладағы тәжірибесімен алмасуды ұсынды. Бұл ұсынысты сол кездегі, келешек АӨСШК Төрағалары (Қазақстан) және (Түркия) Таиландпен үшжақты кеңес алмасу өткізетіні арқылы құптағанын көрсетті.

Тайланд, Қазақстан және Түркия арасындағы үшжақты кеңес алмасу 2010 жылдың 18 қаңтарында Бангкокте өткен болатын. Әскери-саяси өлшемге қатысты Арнайы жұмысшы топтың отырыстары Баку қаласында 2010 жылы 10-11 мамырда жалғасын тапты. Бұл отырыста түрік делегаттары Түркия Төрағалығының 2010-2012 жылдардағы Концепциясын ұсынды. Концепцияда қауіпсіздік мәселелері және әскери-саяси салада сенім шараларын жүзеге асыру үшін диалогтың қажеттілігі айтылды. Түркияның сол отырыстағы Елшісі, Түркия Республикасының жанындағы АӨСШК жөніндегі жедел топтың басшысы Балент Тулун бұл салада консенсусқа қол жеткізетініне сендірді [9].

Әскери-саяси өлшемге қатысты бірнеше кездесулерде ден қойылып, назар аударылды, соның ішінде, айта кететін кездесу – АӨСШК Астанада өткен 2012 жылғы 12 қыркүйектегі Сыртқы істер министрлерінің төртінші кездесуі. Онда кездесудің қорытындысы бойынша мүше-мемлекеттер Декларация қабылдады [10].

2012 жылдың 5 қазанында Астана қаласында «АӨСШК: Азиядағы қауіпсіздік архитектурасын құру идеясынан нақты жүзеге асыру» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияның күн тәртібінде экономикалық ынтымақтастықты нығайту, әскери-саяси ықпалдастықтың дамуы және Кеңестің Ұйымға ауысуы сынды мәселелер қарастырылды [11].

Әскери және саяси өлшемді жүзеге асыруда алғашқы қадам Арнайы жұмысшы топ, Аға лауазымды Комитеті және әскери-саяси өлшем бойынша бірінші ерікті кездесу деңгейінде Алматыда 2012 жылы ақпанда жасалған болатын.

2013 жылдың 15 қаңтарында мүше-мемлекеттер әскери-саяси өлшемдегі сенім шараларын төрт бағыт бойынша жүзеге асыратынын мақұлдады:

- әскери ведомство және әскери колледж өкілдерінің өзара сапарлары;

- ұлттық мейрамдарда, мәдени және спорттық іс-шараларда ат салысу үшін әскери күш өкілдерінің өзара шақыртулары;

- жоғары әскери басшылардың өмірбаяны жайлы мәліметтермен алмасу;

- қарулану және қарусыздандыруды бақылау, сонымен қатар әуе кеңістігі жөніндегі Конвенцияға көпжақты құрылымдардың қосылуы немесе ратификациялану мәртебесі бойынша ақпараттармен алмасу.

Жоғарыда аталған сенім шараларына қосылу тек мүше-мемлекеттердің еркіне беріледі және жүзеге асыруы сол қағидамен жүреді [12].

Жалпы айтқанда, мүше елдердің әркелкілігін және құрлықтағы қалыптасқан ахуалды ескере отырып, сенім шараларын орындауды жаңа сындар мен қатерлерге қарсы тұру, экономика, экология және гуманитарлық ынтымақтастық салаларында бастау жөнінде түсінікке қол жетті. Аталмыш әлеуметтік-экономикалық өлшемдерде сенім шараларын жүзеге асыру айтарлықтай ізгі ниет атмосферасын қалыптастырып, мүше елдер арасындағы қарым-қатынастарды нығайтпақ, ал бұл ұзақ мерзімді перспективада әскери-саяси өлшемдегі сенім шараларының жүзеге асуына да негіз бола алады.

Әскери-саяси өлшем Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі Кеңестің Сенім шаралары Каталогында бірінші

басымды өлшем ретінде қарастырылған. Мұны 2012 жылдың 12 қыркүйегінде Алматыда өткен АӨСШК Төртінші Министрлер кездесуінде, АӨСШК қазіргі Төрағасы, Түркия Республикасының Сыртқы істер министрі Ахмет Даулетұлының: «Түркия Төрағалығы үшін әскери-саяси салада сенім шаралары қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, ынтымақтастық негізінде құрылған негізгі құрылымдық элемент. Оған қоса келешек аймақтық қауіпсіздіктің архитектура-сы ретінде АӨСШК әскери-саяси өлшемінің маңызы зор. Бұл бастаманы қолдау мүше-мемлекеттердің еркіне берілгеніне қарамастан, әскери-саяси өлшемдегі сенім шараларын жүзеге асырудың алғашқы қадамдары көңілге сенім тудырып отыр», – деген мәлідемесі айғақтайды [13].

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыру идеясының дүниеге келгеніне жиырма жылдан астам уақыт болды. Осыған қарамастан қысқа уақыт ішінде сенімсіздік, қорқыныш, қырғи-қабақтық пен жауласу себептерін жоюдың, сондай-ақ азиялық мемлекеттер мен халықтардың баянды экономикалық дамуына қолайлы жағдайлар жасаудың жолы мен тетіктерін іздестіруде Кеңес әжептәуір жол еңсерді. Кеңестің бастамашысы, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев атап өткендей: «Кеңес – көбіне-көп соқтықпалы, соқпақсыз жолмен жүріп келе жатқан, сондықтан да барша жағдаяттың бәріне бірдей жарай беретін дауаны таба қоймаған жас Форум. Көкейге қонымды шешімдер диалог процесінің барысында туындайды» [14]. Осылайша, Азия кеңестің алға қойған мақсат-міндеті айқын, ол – аймақтағы бірегей қауіпсіздік құрылымын құру. Ал осы мақсаттың қандай формада жүзеге асатыны толығымен Кеңес мүшелерінің ерік-жігері мен өзара түсінігіне байланысты.

Әдебиеттер

1 Каталог мер доверия СВМДА. 22.10.2004 г. // Официальный сайт Секретариата СВМДА [Электронный ресурс] URL: http://www.s-cica.org/page.php?page_id=179&lang=2

2 Выступление на 47-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН. Нью-Йорк, 5 октября 1992 г./ Внешнеполитические инициативы Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева. Историко-документальное исследование. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2010. – С.128

3 Абусейтов К.Х. СВМДА: видение Казахстана // Дипломатический курьер. – 2001. – № 1-2. – С. 109—112.

4 Асанов Ж.. Парасатты бастаманың игі жалғасы // Егемен Қазақстан. – 2010, наурыз. – 12

5 Cooperative Approach for the Implementation of the CICA CMBs // CICA Archives. – 2007

- 6 Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес Хатшылығы // АӨСШК хатшылығының ресми сайты [Электронды ресурс] URL: http://www.scica.kz/page.php?page_id=395&lang=2&year=2012&month=9&day=0&parent_id=139
- 7 Заключение Третьей встречи министров иностранных дел СВМДА // Официальный сайт Секретариата СВМДА [Электронный ресурс] URL: http://www.s-cica.org/page.php?page_id=542&lang=2
- 8 Третья Министерская встреча, 25 августа 2008г // Официальный сайт Секретариата СВМДА [Электронный ресурс] URL: http://www.s-cica.org/page.php?page_id=542&lang=2
- 9 Chairman's Perception Paper on Implementation of CICA Confidence Building Measures in Military –Political Dimension
- 10 Декларация четвертой встречи Министров иностранных дел Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии // Официальная страница Секретариата СВМДА [Электронный ресурс] URL http://www.s-cica.org/page.php?page_id=183&lang=2
- 11 Отчет о научно-практической конференции «СВМДА: от идеи к построению архитектуры безопасности в Азии» (Астана, 5 октября 2012 г.) // http://www.s-cica.org/page.php?page_id=659&lang=1
- 12 Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес Хатшылығы // АӨСШК хатшылығының ресми сайты [Электронды ресурс] http://www.s-cica.org/page.php?page_id=76&lang=1.
- 13 Выступление Председателя Е.П. Г-на Ахмета Давутоглу, Министра иностранных дел Турецкой Республики на Четвертой Министерской встрече СВМДА, 12 сентября 2012 года // Официальный сайт Секретариата СВМДА [Электронный ресурс] URL: http://www.s-cica.org/page.php?page_id=645&lang=1

References

- 1 Katalog mer doveriya SVMDA. 22.10.2004 // Ofitsialnyy sayt Sekretariata SVMDA [Elektronnyy resurs] URL: http://www.s-cica.org/page.php?page_id=179&lang=2
- 2 Vystuplenie na 47-i sessii Generalnoi Assamblei OON. N'yu-Iork, 5 oktyabrya 1992 g. // Vneshnepoliticheskie initsiativy Prezidenta Respubliki Kazakhstan N. A. Nazarbaeva. Istoriko-dokumentalnoe issledovanie. – Almaty: «Kazak entsiklopediyasy», 2010. – S.128
- 3 Abuseitov K. Kh. SVMDA: videnie Kazakhstana // Diplomaticheskii kur'er. – 2001. -. № 1-2. S. 109—112.
- 4 Asanov Zh.. Parasatty bastamanyn igi zhalgasy // Egemen Kazhakstan. – 2010, nauryz. – 12.
- 5 Cooperative Approach for the Implementation of the CICA CMBs / CICA Archives. – 2007
- 6 Aziyadagy ozara ykpaldastyk zhane senim sharalary zhonindegi kenes Khatshylygy // AOSSHK khatshylygynyn resmi saity [Elektronnyy resurs] URL: http://www.scica.kz/page.php?page_id=395&lang=2&year=2012&month=9&day=0&parent_id=139
- 7 Zaklyucheniya Tret'ei vstrechi ministrov inostrannykh del SVMDA // Ofitsialnyy sayt Sekretariata SVMDA [Elektronnyy resurs] URL: http://www.s-cica.org/page.php?page_id=542&lang=2
- 8 Tret'ya Ministerskaya vstrecha, 25 avgusta 2008g // Ofitsialnyy sayt Sekretariata SVMDA [Elektronnyy resurs] URL: http://www.s-cica.org/page.php?page_id=542&lang=2
- 9 Chairman's Perception Paper on Implementation of CICA Confidence Building Measures in Military –Political Dimension
- 10 Deklaratsiya chetvertoi vstrechi ministrov inostrannykh del SVMDA // Ofitsialnyy sayt Sekretariata SVMDA [Elektronnyy resurs] URL http://www.s-cica.org/page.php?page_id=183&lang=2
- 11 Otchet o nauchno-prakticheskoi konferentsii «SVMDA: ot idei k postroeniyu arkhitektury bezopasnosti v Azii»(Astana, 5 oktyabrya 2012 g.) http://www.s-cica.org/page.php?page_id=659&lang=1
- 12 Aziyadagy ozara ykpaldastyk zhane senim sharalary zhonindegi kenes Khatshylygy // AOSSHK khatshylygynyn resmi saity [Elektronnyy resurs] http://www.s-cica.org/page.php?page_id=76&lang=1.
- 13 Vystuplenie Predsedatelya E.P. G-na Akhmeta Davutogly, Ministra inostrannuh del Turetskoi Respubliki na Chetvertoi vstrechi ministrov inostrannykh del SVMDA, 12 sentyabrya 2012 goda // Ofitsialnyy sayt Sekretariata SVMDA [Elektronnyy resurs] URL: http://www.s-cica.org/page.php?page_id=645&lang=1
- 14 Zhandos Asanov. Parasatty bastamanyn igi zhalgasy // “Egemen Kazhakstan Respublikalyk gazetі №90-93 (25939) 12 nauryz, 2010 zhyl.